



6–7 қаңтар күндері Көкшетау қаласында 9–11 сынып оқушылары арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңі өтті.

Аталған іс-шараның мақсаты – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, дарынды балаларды анықтауға және қолдауға жағдай жасау.

Аталған олимпиадаға мектебімізден төмендегі оқушылар қатысты: 11-сынып оқушысы Қайсар Арлан (биология); 11-сынып оқушысы Головина Татьяна (орыс тілі мен әдебиеті); 10-сынып оқушысы Роголева София (орыс тілі мен әдебиеті); 9-сынып оқушысы Ландыс Артур (Қазақстан тарихы).

Олимпиада қорытындысы бойынша облыстық кезеңнің жүлдегерлері мен қатысушылары анықталды:

- Головина Татьяна – II орын (жетекшісі: Таран Т.Г.);
- Ландыс Артур – II орын (жетекшісі: Жилкайдарова Г.К.);
- Роголева София – III орын (жетекшісі: Таран Т.Г.);
- Қайсар Арлан – қатысушы сертификаты (жетекшісі: Самбаев Р.К.).

Жүлдегерлерді шын жүректен құттықтаймыз! Оқушыларымызды мақтан тұтамыз және алдағы уақытта жетістіктерге жете берулеріне тілектеспіз!











